

**Сырым Датұлы бастаған
Кіші жүз
қазақтарының көтерілісі
(1783 – 1797 жж.)**



Кіші жүздегі көтерілістің басталу себептері және оның барысы :

- ✓ **Жайық** бойындағы жақсы жерлерге жайғасып алған қазақ – орыстар қазақ ауылдарына дүркін – дүркін шабуыл жасап, малдарын айдап әкетіп, адамдарына зорлық – зомбылық жасады.
- ✓ **1744** жылы Орынбор қаласы салынды, кейіннен Ор өзенінің бойынан Орск және егіске қолайлы жерлері мол өзендер бойынан бекіністер салу сияқты шараларды жүзеге асыра бастады.
- ✓ Патша өкіметі қазақтарды “ **ішкі жаққа** ” Жайық сыртына өткізбей тиым салды. Кіші жүздің ханы Нұралының да халыққа қысым көрсетті.



- ✓ Е.И.Пугачевтің басшылығымен болған **1773 – 1775 ж. Шаруалар көтерілісі** жаншылғаннан кейін 7 жылдан соң, **1783 ж.** Кіші жүзде шаруалардың көтерілісі бүрқ ете қалды. Бұл қозғалыстың сипаты **1773 – 1775 ж. Шаруалар соғысының жалғасы еді.**
- ✓ **Көтерілістің басты мақсаты** — ғасырлар бойы Кіші жүз жерінде қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіру, Орал казак – орыс әскерінің қазақ жерлерін басып алуын тоқтату, Нұралы хан мен оның сарайындағы ақсүйектердің озбырлығына шек қою еді.




✓ Көтеріліске елге жастайынан ақылдығымен, шешендігімен танымал болып бала би атанған халық арасында беделі зор, ықпалы күшті Байбақты руының старшыны **Сырым Датұлы** (1742 – 1802 ж.) жетекшілік етті



- **1783 жылы** көтерілісшілер қазақ ауылдарына шабуыл жасаған казак – орыс атамандарының бірі Чагановтың отрядын талқандап, оның өзін тұтқынға алып, кейін Хиуа хандығына құлдыққа сатып жібереді. Осы жағдайдан кейін көтерілісшілерге қарсы Орал қаласынан әскер шығып, 1783 жылы тамыз айында әскери шайқастардың бірінде Сырым Орал казак – орыс жазалаушы отрядтың қолына түседі. Бірнеше ай түрмеде отырған Сырымды құдасы Нұралы хан **1784 жылы кепілдікке 70 жылқы, 350 рубль** ақша төлеп босатып алады.



1784 жылы көтеріліске



Көтерілісшілер саны

Сырым

Барақ

Тіленші

1784 жылы

Барлығы

1000

адам

1785 жылы

2700

2000

15000



- Кіші жүздегі жағдайға **Ресей патшасы** қанық болды. Ол да халықтың тек өз әкімдеріне ғана емес, сонымен бірге ханға да қарсы болып отырғанын түсінеді.
- Сырымды **алдап – сулап бауырына тартуды** көздеген патша әкімдері оны **он екі ата Байұлы руларының аға старшыны** етіп тағайындады. Сырым осы жұмыста болған кез халық үшін жайлы жылдар болды. Әділдік пен адалдықты, дұрыстықты жақтаған Сырым халықтың хал – жағдайын біліп, олардың мұң – мұқтажымен санасып отырды.
- **1786 – 1787** жылдарда өткен бұл съездердің маңызы зор еді. Қазақ халқы еңсесін көтере бастады. Казак – орыстардың қазақ ауылдарын тонап, шауып кетуі азайды.



- **1790 жылы Нұралы өлгеннен кейін**, осы оқиғаны желеу етіп, оның інісі Ералыны хан көтерді.
- **Ералы да қазаққа теңдік әперуді ойлаған жоқ.** Оның тұсында да қазақтардың жайылымдық жерлері тарылды. Жайық бойында мал жаюға, Жайықтан балық аулауға, мал суаруға тиым салынды.
- **1792 жылы** Сырымның қарулы күштері құрамына мыңнан астам жасақ жиналды. Сол жылы қыркүйек айында Сырым жасақтары Елек қамалына шабуыл жасады. **Бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.**



□ **1794** жылы жеккөрінішті Ералы хан өліп, оның орнына **1796** жылы хан тағына отырған Нұралының баласы Есім де езгіні жеңілдеткен жоқ. Бұрыннан қаталдығымен аты шығып жүрген ол халықты одан әрі қан қақсатты. Осының бәрі ұлт – азаттық қозғалысының жаңа күшпен өрлеуіне, жандануына жол ашты. Оның дем беруші көсемі Сырым болды. Оған



Көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи

маңызы :

- Оның жеткілікті ұйымдаспаған стихиялық сипатта болуы;
- айқын бағдарламасының жоқтығы қозғалысты мақсатына жеткізе алған жоқ;
- Балтамен, айбалтамен, айырмен, найзамен және т.б. қаруланған қазақ шаруаларының мұздай жарақтанған, зеңбірекпен және мылтықпен қаруланған патша әскерлеріне қарсы тұруы ешқандай мүмкін емес еді, ол көтерілістің жеңіліске ұшырайтынын алдын – ала айқындап берді.

